

Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге үміткер заңды тұлғаларды аккредиттеу

Мемлекеттік орган	ҚР Инвестициялар және даму министрлігі
Қызметті алушылар	заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	"Азаматтарға арналға үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ - <i>Мемлекеттік корпорацияның кез-келген бөлімінде (халыққа қызмет көрсету орталығында)</i>
Қызметті көрсету мерзімдері	30 (отыз) күнтізбелік күн (қабылдау күні қызмет көрсету мерзіміне кірмейді)
Қызметқұны	тегін
Құжаттар тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті алушының немесе өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін);</p> <p>жеке тұлғаның өкілі - нотариалды куәландырылған сенімхат;</p> <p>заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның басшысы сенімхат;</p> <p>куәлік алу кезінде:</p> <p>1) сараптамалық ұйымның сарапшылары туралы мәліметтер, олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың, аттестаттарын және еңбек шартының нотариат куәландырған көшірмелері (стандартын 3-қосымша).</p> <p><i>Көрсетілетін қызметті алушы салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын ұсынған жағдайда, құжаттарды нотариаттың куәландыруы талап етілмейді;</i></p> <p>2) меншік құқығы немесе өзге де заңды негізде өндірістік базаның болуы туралы мәліметтер (стандартын 4-қосымша), материалдық-техникалық жарақтандыру туралы мәліметтер (стандартын 5-қосымша), жобалар сараптамасының сапасын бақылау жүйесі туралы мәліметтер (стандартын 6-қосымша), нормативтік-анықтамалық және әдіснамалық әдебиет туралы мәліметтер (стандартын 7-қосымша);</p> <p>жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, куәліктің жарамдылығын растау кезінде, сондай-ақ қосымша ұсынылады:</p> <p>1) оң және теріс қорытындылармен, және жобалардың атауларын және сатыларын, олардың тапсырыс берушісі мен әзірлеушісін көрсете отырып, құрылыс жобалары бойынша өткен кезеңге берілген сараптамалық қорытындылар туралы ақпарат;</p> <p>2) сараптамалық ұйымдар сарапшыларының біліктілігін арттыру, біліктілік арттыру курстарынан</p>

немесе арнайы семинарлардан өту фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) ҚР заңдарымен белгіленген, аталған заңды тұлғаға және/немесе сарапшыға қатысты қолданылған жауапкершілік шаралары туралы мәліметтер.

Аккредиттеу туралы куәлікті растайтын құжаттар куәлікті растау мерзімі өткенге дейін бір ай бұрын беріледі.

Қызмет көрсету нәтижесі

аккредиттеу туралы куәлік беру, растау қайта ресімдеу не бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012322>